

Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108 – Хореография білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған

«Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)»

атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, өнертану кандидаты, профессор Ізім Тойған Оспанқызының

П І К І Р І

Бәкірова Самал Әбілпатташқызы Қазақ ұлттық хореография академиясының докторантурасына 6D028 – Өнер мамандығы бойынша 2019 жылы түсіп, 2022 жылы бітірді.

Білім алу жылдары өзінің ұқыптылығымен, ғылымға деген қызығушылығымен, жауапкершілігімен жұмыс атқарды.

Бүгінгі күнгі әлемде жүріп жатқан бәсекелестік жағдайында Ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейде насихаттауда хореография өнерінің алатын орны ерекше деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда С. Бәкірованың «Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» деп, алынып отырған зерттеу жұмысы уақытылы әрі өнертану, соның ішінде, хореография педагогикасы ғылымында қажет тақырып деп ойлаймыз.

Осыған байланысты жаңа заман талаптарына сай қалыптасқан хореография өнері саласында мамандарды тәрбиелеп, білім беруде балет және ұлттық би өнерінің жаңа заман талаптарына сай даму тәжірибесін терең зерделеу арқылы әлемдік бәсекеге қабілетті жан-жақты хореограф-мамандарды дайындау жолдарын қарастыру тақырыптың өзектілігі болып табылады. Тағы бір ескеретін жағдай Қазақстан ғылымында Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында алғаш 2013 жылы PhD докторы диссертациясын қорғаған болса, содан бері тек орыс тілінде қорғалып келді. Ал, бұл диссертациялық жұмыс өнердің осы бағытында алғаш қазақ тілінде жазылып отырғандығымен де өзекті.

Жұмыстың 1-тарауында әлем ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, Қазақстан хореография өнерінің соның ішінде хореография-педагогикасын зерттеп-зерделей келе, отандық хореография педагогикасының даму кезеңдерін толық көрсете алған.

Отандық хореография педагогикасының даму жолын қарастырған ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, хореография өнері саласында білім беретін оқу орындарының жеке мұрағаттары мен мұражайларының тарихи қорының негізінде зерттеп, талдаған.

Жұмыс барысында диссертант орта және жоғары оқу орындарындағы барлық білім беру (ББ) бағдарламаларын зерттей отырып, салыстырмалы талдаулар жүргізген. Кейбір оқу орындарында оқу-жұмыс бағдарламаларын құрастыру барысында белгілі бір пәнге сағат санын көбейту мақсатына мән

беріп, мұғалімдердің жүктемесіне байланысты жасайтын да жағдайлар кездесетіндігінде көрсете алған.

«Хореографиялық өнер бағытында кадрлар дайындаудағы қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі және жетістіктері» деп аталатын екінші тарауда 2016 жылы ашылған «Қазақ ұлттық хореография академиясы» көпдеңгейлі оқу ретінде ерекшеленгені жөнінде зерттеулер жүргізілген. Оның мақсаты мен міндеттерін қарастыра отырып, қазақстандық көпдеңгейлі хореографиялық білім беру моделін талдау арқылы әр түрлі деңгейлерде (Хореографиялық училище, бакалавриат, магистратура, докторантура) оқыту және кәсіби міндеттерге сәйкес өнер саласындағы мамандарды даярлауды ұйымдастыру процесі әр түрлі екенін атап көрсеткен.

Қазіргі таңда әдістемелік жүйелер мен балет мектептерінің құнды дәстүрлерін үйрену, зерттеу, талдау жасау өзекті мәселелердің бірі. Балет артистерін даярлаудың белгілі бір мақсаттары мен міндеттерін барлық педагогикалық құрамға жүйелі және шығармашылық тұрғыдан жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік бергендігі талданған.

Сонымен қатар академияның құрамдас бөліктері:

- заманауи жоғары білікті мамандарды даярлау;
- ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту;
- хореографиялық өнер саласындағы креативті және үздік әлемдік үлгілерді ендіру;
- халықаралық кеңістікте Қазақстанның эстетикалық, рухани, мәдени, ғылыми және білім беру имиджін ілгерілету болып табылатындығы жіктеліп, көрсетілген.

Академияның көп деңгейлі білім беру жүйесінде мамандар даярлау барысына ұйымдастырушылық және мазмұнды инновациялар енгізілгені де қарастырылған:

- академияға қабылдаудың түрлі әдістері;
- хореографиялық училищелеріне 10-11 жастағы балаларды қабылдау жүйесі қалыптасса, академияда балаларды 6-7 жастан қабылдау енгізілгені және оның не беретіндігі талданған;

Оқу жүйесінің ең басты міндеті - Болон процесіне негізделіп жүзеге асырылып отырған оқу орны білім траекториясын дербес таңдайтыны, оқу процесін ұйымдастыруда академиялық еркіндікке ие екендігі баса көрсетілген.

Академияның оқу-үрдісіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды сараптай келе, балет залдарында бейнематериалды көруге арналған экрандар орнатылған, бұл студенттерге қажетті материалды ұсынуға көмектеседі. Мысалы, тақырып бойынша презентация түрінде экранға шығарылатын кейс-стади әдісін жүргізуге, Яндекс ресурсының, Kahoot.it. қосымшасының көмегімен интернет-тесттерді орындап, өткен материалды қорытындылауға, студенттерді бағалауға болатындығы білім алушыларға жасалынып отырған мүмкіндік екені көрсетілген. Сондай-ақ, кәсіби театрларда балет спектакльдерімен айналысатын немесе театрдың балет труппасының құрамында гастрольге баратын оқытушылар Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне тапсырмалар жібере алады, ал білім алушылар өткен

тақырып бойынша материалдарды қашықтықтан ала алады және тапсырмаларды орындай алатындығы қарастырылған. Диссертант, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара әрекеттестігін білім беру мекемесінің барлық процестерін ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратын ұлттық компонент ретінде қарастырады.

С. Бакірова, Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырудағы жаңа тәсілдерді талдап көрсетуге тырысқан. Онда академия қабырғасында жылда өтіп отырған Республикалық пәндік олимпиаданы өткізудегі әр түрлі тәсілдерді қолдануы, жас хореографтардың байқауын өткізу арқылы болашақ балетмейстер мамандарының жолын ашу бағытындағы жұмыстар сараланған. Жақын және алыс шетелдерден мамандар шақырылып, шебер сыныптар мен дәрістердің оқылуы ПОҚ деңгейінің өсу жолында атқарылып отырған жұмыстар дей келіп, әр бір шебер сыныптарға және фестивальдер мен байқауларды салыстрмалы түрде талдаған.

Академияның ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО-ның бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыруға бағытталған және болашақ мамандардың іргелі ғылымы, білімі мен кәсіби ортасының өзара тығыз байланысын қамтамасыз етуге негізделгендігі көрсетілген. Академия ғалымдары жүргізген зерттеулердің қорытындылары бойынша монографиялар түрлі ғылыми мақалаларда жаряланып отыратындағы және магистрлік диссертацияларда жарық көріп отырғандығы да диссертанттың назарынан тыс қалмаған. Академияның ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыстарға тоқтала келіп, профессорлық-оқытушылық құрамның, докторанттардың, магистранттар мен студенттердің ғылыми белсенділігінің өсуін қамтамасыз ету, ғылымның білім мен өнермен өзара байланысын арттыру болып табылады және ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай келе осы жолда ұстанған бағыттарын көрсете отырып, тұжырымдама жасаған.

Бүкіләлемдік пандемия жағдайында Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың – коммуникациялық технологиялардың базасы негізінде жүргізгенділігі және жоспар бойынша бекітілген жеке оқытушының бақылауымен жүзеге асырылғандығы қарастырылған. Осы кезеңде академия оқытушыларының өз тәжірибелеріне сүйене отырып, білім алушылармен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіре алғандарын талдап, көрсете алған. Осы орайда оқытушылардың және білім алушылардың қашықтықтан оқыту жүйесіне деген көзқарастарын, туындаған мәселелерді сараптау барысында 20 оқытушы мен 75 білім алушылармен сауалнама жүргізіп, нәтижесін диаграммалар арқылы берген.

«Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттары» деп аталатын үшінші тарау академияның «қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жұмысын талдап зерделеуге бағытталған. Зертхана жұмысын жүргізуде академияның тәжірибелі оқытушылары мен қатар республиканың барлық аймақтарының оқытушылары мен ғалымдары да белсенді түрде араласып отырғандығы белгілі. Осыған орай Республика көлемінде талданып, басылған

анықтамалықты оқу процесіне енгізу мақсатында зертхана мүшелерінің оқу орындарында шебер сыныптар өткізіп жүргені және осы бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатында Қазақ би сабағын жүргізу тәсілдерін талдап, ұсынылатын семинарлардың да жер-жердегі оқытушылар үшін құнды тәжірибе болып отырғандығы көрсетілген. Шетелдік осындай зертханалардың жұмыс жүргізу әдістерін қарастыра отырып, жұмыс бағыттарының заманауи хореографияға және би педагогикасына бағытталғанын тілге тиек еткен. Ал, академия зертханасы Қазақстан хореография өнерін, соның ішінде ұлттық бидің даму жолдарында би лексикасын қарастыра отырып, басты элемент адамның сыртқы әлеммен үйлесімді қарым-қатынасы, оның дүние танымы, интеллект деңгейі, оның қозғалысындағы болмысы сипатталатынын көрсетеді. Зертхана жұмысын одан әрі жандандыру мақсатында тұжырымдама жасап, ұсыныстарын берген.

Қазақ ұлттық хореография академиясының «Қазақ биі» пәнін жүргізудегі вариативті түрлерін қарастыруда диссертант, осы уақытқа дейін ұсынылған оқу-құралдары мен оқулықтарды талдай отырып, ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, ширек ғасыр ішінде Ш.Жиенқұлованың және Д.Әбіровтің би мектептері қалыптасты. Ш. Жиенқұлованың би мектебі академиялық үлгіде, Д. Әбіровтың мектебі халықтық үлгіде қалыптасып отыр – деп 2000 жылдарға дейінгі кезеңді сипаттасак, қазіргі таңда аталған екі мектептің де оқу бағдарламасына еніп, жас балетмейстерлердің жұмыстарында көрініс тауып отырғандығын көреміз деп тұжырымдайды.

Оқытушылардың оқу бағдарламасына сүйене отырып, сабақ жүргізетіні белгілі, дегенмен, диссертант академияның техникалық және кәсіптік білім беру деңгейіндегі «Қазақ биі» пәнін жүргізетін А.А. Тати, А.А. Садыкова, А.Ш. Шәмшиев сынды оқытушылардың сабақтарын көріп, талдауда практикалық көрсетілімнің оқу процесінде нәтижеге жетудің бірден бір жолы екендігіне көз жеткізген. Қимылды көрсетуде оқытушылар тек қана техникалық тұрғыдан сауатты орындаумен шектелмей, қимылдың орындалу әдістемесін түсіндіріп, музыканың мазмұнына сай эмоционалды өзіндік мәнерін беру бағытында ерекше көңіл бөлінетіндігі талданған. Осы орайда, оқытушылардың қазақ биі сабағын жүргізу барысында қандай факторларға назар аударатынын анықтап көрсете алған, олар:

- сабақты жоспарлаудың ерекшелігі;
- әрбір курстың деңгейіне байланысты түрлі педагогикалық тәсілдерді қолдану;
- қарым-қатынас түрлері;
- ұйымдастырушылық қабілеті - деп көрсеткен.

Бакалавриат деңгейінде жүргізілетін Т.Ізімнің «Қазақ би композициясы» және А.Кульбекованың «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәндерін жүргізу тәсілдері сәтті талданып, көрсетілген.

Ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың жолдарын зерттеп-зерделеуде, бүгінгі қоғамның эстетикалық және рухани мәдениетін қалыптастырудың оңтайлы жағдайларын сараптау мүмкіндігін пайдалану арқылы жүргізген. Қоғамдағы рухани құндылықтарды насихаттау, ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас

ұрпақтың бойында мәдени мұраларға деген құрмет сезімін дамыту - білім реформасының басты мақсаты, бұл мақсаттарды жүзеге асыру халықаралық білім стандарттарына сәйкес жүргізілуде. Бүгінгі таңда белгілі ғалымдар, педагог-хореографтар қазақ биін оқыту әдістемесін жетілдіру үшін түрлі курстар, арнайы семинарлар, бағдарламалар ойластырып, талқыға салып келеді. Педагог-хореографтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін тарихи-теориялық, педагогикалық және арнайы пәндердің мәні аса зор екенін де белгілі.

Кейбір оқу орындарындағы Қазақ биі пәніне жеткіліксіз көңіл бөлу қазақ этносының ұлттық менталитетінің ұмытылып кетуіне әсер етеді. Сондықтан да, біз хореографиялық факультеттерде оқу процесін ұйымдастыру ең алдымен, ұлттық компонент пен этно-көркемдік білім беруден басталуы керек деп тұжырымдаймыз дей отырып, «Дәстүрлі қазақ биінің көркем мәдениеті» атауымен пән енгізу керектігін алға тартады. С. Бәкірова бұл пәнді Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті қабырғасында енгізіп, жүргізіп жүр. Осы пән арқылы этно-көркемдік білім беруді, этникалық өзін-өзі тануды, тілді, халықтың рухани және дәстүрлі мәдениетін тереңдетіп зерттеуге, қазақ музыкасы мен хореографиялық өнерінің тарихына, Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне, этнопедагогикаға және т. б. терең және мазмұнды түрде сүйеніп, оқу процесін ұйымдастыруды ұсынады.

Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108 – Хореография білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамыз.

Ғылыми кеңесшісі,
өнертану кандидаты, профессор

 Ізім Т. О.

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК
РГП НА ПХВ «Казахская национальная академия хореографии» КК МКС РК
Т.О. Ізім қолын растаймын,
HR секторының басшысы *С.Самалов*
« 20 » *наурыз* 20*23* ж.г.

